

**"Рахат Палас" бес жұлдызды қонақ үйі құрылысының жобасы бойынша "Рахат" бірлескен кәсіпорнының борышын қайта қаржыландыру мен қайта құрылымдау үшін Австрия несие желісі шеңберінде қысқа мерзімді несие тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 2 қазан N 1404

Мемлекет кепілдендірген сыртқы міндеттемелерді қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің "Рахат Палас" бес жұлдызды қонақ үйі құрылысының жобасы бойынша "Рахат" бірлескен кәсіпорнының борышын қайта қаржыландыру мен қайта құрылымдау үшін Австрия несие желісі шеңберінде қысқа мерзімді несие тарту туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасының кепілдемесімен қысқа мерзімді несие тарту жөніндегі ұсыныстарды іріктеу үшін инвесторлар арасында белгіленген тәртіппен тендер өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Рахат" бірлескен кәсіпорнының борышын қайта құрылымдауға байланысты Қазақстан Республикасының кепілді міндеттемелерін қайта ресімдеудің құқықтылығына заңдық бағалауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырсын.

4. Тендердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі несиегермен(лермен) Қазақстан Республикасының атынан келісім жасассын және тартылып отырған несиеге қызмет көрсетуді жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының кепілдікті міндеттемелерін қажетті қайта ресімдеуді жүргізсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен және "Рахат" бірлескен кәсіпорнымен тиісті келісімдер жасассын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК